



ТӘРТІП – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ, ТӘРТІПСІЗДІК – ӨМІРІНІҢ ҚАС ЖАУЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ауған топтарының куратор-эдвайзерлері жатақханада «Тәртіп – тәрбие бастауы, тәртіпсіздік өмірінің қас жауы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырды. Іс-шараның мақсаты: жатақханада тұратын тыңдаушыларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдепті бойына дарыту, тіл байлығы мен таным белсенділігін арттыру. Тыңдаушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, әдептілікке, көпшілік орындарда өзін-өзі ұстай білуге дағдыландыру.

«Тәртіп тәрбие бастауы, тәртіпсіздік өмірінің қас жауы» атты іс-шараға жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Ж.Е.Жаппасов, деканның тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары М.Б.Амирканов, факультеттің аға оқытушысы Б.Савденбеков қатысты. «Сыртқы тәртіпсіздік адамның ішкі келбеті» тақырыбында М.Б.Амирканов баяндама жасады. Баяндамада университеттің студенттер үйінде тұру ережелеріне ерекше тоқталып өтті.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары: Г. Сапаева, Ж. Саткенова

СЫРТҚЫ ТӘРТІПСІЗДІК – АДАМНЫҢ ІШКІ КЕЛБЕТІ



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының куратор-эдвайзерлері Г.Е.Сапаева мен Ж.Б.Саткенова 2022 жылдың 13-ақпаны күні жатақханада «Сыртқы тәртіпсіздік – адамның ішкі келбеті» тақырыбында іс-шара ұйымдастырды. Шараға жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің декан орынбасары

М.Б.Амирканов, факультеттің аға оқытушысы Б.Савденбеков, кафедраның аға кураторы М.Ибрагимова және Ауғанстан, Қытай, Түркіменстан, Өзбекстаннан келген тыңдаушылар қатысты. Іс-шараның мақсаты: әртүрлі мемлекеттен келген тыңдаушыларға Қазақстанның заңдары мен университет, жатақхананың тұру ережелерін таныстыру.

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға кураторы М.Ибрагимова жатақханада 15 мемлекеттен келген тіл үйренушілер мен оқуға түсетін үміткерлер тұратынын ескертіп, әртүрлі мемлекеттен келген азаматтардың бір-біріне құрметпен қарап, «жатақхананы екінші үйлеріндей көріп, тату-тәтті, таза тұруға шақырды.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары: Г. Тастемирова, Г.Тилеужанова

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА ЖАЗУДЫҢ



Ә Д І С – Т Ә С І Л Д Е Р І

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ауған топтарының куратор-эдвайзерлері: Г.Тастемирова мен Г.Тилеужанова оқуға үміткер магистрлар тобына «Ғылыми мақала жазудың әдіс-тәсілдері» тақырыбында семинар сабақ өткізді.

Семинарда аға оқытушы Г.А.Тастемирова ауғанстандық магистрлер Қазақстанның жоғары оқу орындарына магистратураға түскеннен кейін міндетті түрде ғылыми мақалалар жазатынын және ол

Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі тарапынан қойылатын талаптар екендігін ескертті. Г.Т.Тилеужанова ғылыми мақала жазғанда өздерінің негізгі зерттеп жүрген тақырыптың төңірегінде жазғандары дұрыс екендігіне тоқталып өтті. Қазақ Ұлттық университетінде дәстүрлі түрде жыл сайын «Фараби әлемі» атты халықаралық конференция болатынын және оған қатысу керектігін жеткізді.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары: Г. Сапаева, Ж. Саткенова



ЖАТАҚХАНА – МЕНІҢ ЕКІНШІ ҮЙІМ

Әрбір студенттің қызығы мен шыжығы, қуанышы мен реніші жатақханада өтетіндігі белгілі. Сондықтан студенттердің жатақхана тұрғындарының міндеттері мен құқықтары, оны сақтау ережесін білулері өте қажет. Соған байланысты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дегі студенттердің жатақханада тұру туралы ережесімен университетіміздің әрбір студенті, үміткері таныс болуы қажет.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің жатақханада тұратын Ауғанстаннан келген тыңдаушылармен ауған топтарының куратор-эдвайзерлері Г.Е.Сапаева мен Ж.Б.Саткенова №14 жатақханада кездесу өткізді. Кездесу барысында тәжірибелі кураторлар жоғарыда баяндалған студенттердің жатақханада тұру туралы ережесімен студенттерді таныстырып, олардың көптеген сауалдарына жауап берді.

Жатақханада тұрып жатқан студенттердің тәртіп сақтау, тынығу, сабаққа дайындалу туралы мәселелері қозғалды. Ауғанстандық тыңдаушылар жатақхананың коменданты Гүлмира апай өздерінің екінші анасындай болып, біздің қуанышымызға қуанатынын, ренішімізге бізбен қоса ренжитінін, өзінің өмір тәжірибесінен мысал келтіріп, үнемі ақылын айтып отыратындығын білдірді. Кураторлар студенттердің жатын, ас әзірлейтін және т.б. бөлмелерімен танысып, кейбір олқылықтарға қарамастан жатақханада тыңдаушыларға мүмкіндігінше барлық жағдайлардың жасалынғанын қорытындылады.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің аға оқытушылары: Г. Тастемирова, Г.Т.Тилеужанова, М.Ибрагимова

МАМАНДЫҚТЫҢ ТӨРЕСІ – ҰСТАЗДЫҚ

Дүниедегі мамандық атаулының төресі – ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар. «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алдынан тәрбие алмайтын жан жоқ.

«Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» - деп француз ойшылы Жан Жак Руссо айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен.

Жаңа оқу жылы түрлі мерекелермен келері сөзсіз. Соның бірі-ұстаздар мерекесі. Ұстаздар мерекесі, шәкірт үшін, өзінің үлгі тұтар ұстазына алғысын жаудырап күндердің бірегейі болар. Осы тұрғыда, біз қара шаңырақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенттері болғанымызбен мақтанамыз. Себебі, ең керемет ұстаздар, ол бізде. Әрбірін алып қарасақ, жеке тұлға. Мен осы орайда өзіміздің теория және ядролық физика кафедрасына айтар алғысым шексіз. Сіздер бізге үлгі бола білдіңіздер. Сіздер себеп бола біліп, бүгінгі таңда біздің ой-санамыз өсіп, факультетке тек өз саламызға білім алу үшін ғана емес, өмірге түрлі сабақ алу үшін де келетінімізді енді байқаудамыз.

Бүгін біраз көкейде жүрген ойларды сіздерге ұсынсақ деп едім. Ұстаздарға алғысымызды тек сөзбен емес, өлең жолдарымен де жазып өтсек,

Мұнда отырған шәкірттің шын ниеті,
Сөздің де бар екен ғой құдіреті.
Ұстаздарға алғысты жаудырады,
ҚазҰУ-дың мына тұрған студенті.

Алдаш Е.А. Абишев М.Е.